002111

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ

ҚАУЛЫСЫ

№170 қаур

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

АКИМАТА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

2007 жылғы 24.07. № 256 года

Ақтөбе қаласы город Актобе

**Коммуналдық меншік акционерлік қоғамдарының субъектілерін және пакеттерін иемдену, пайдалану және өкімдік ету құқығын беру туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 27, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлімі) 192 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 казандағы № 1022 «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту туралы», 1998 жылғы 21 наурыздағы № 246 «Ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және мемлекеттік ақпараттық базасын жүргізу жөніндегі шаралар туралы» қаулыларына сәйкес және коммуналдық мемлекеттік меншікті тиімді басқару мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы бойынша субъектілердің тізбесі олардың баланстарында тұрған мүліктерімен бірге бекітілсін.

2. «Ақтөбе облыстық қаржы департаменті» ММ директоры С.Еңсегенұлы:

1) облыс аймағында тұрған субектілерді мүліктерімен бірге иемдену, пайдалану және өкімдік ету құқығы Ақтөбе қаласы мен аудандар әкімдіктеріне 1,2,3 қосымшаларға сәйкес бюджеттер деңгейлеріне сай берілсін;

2) қала аумағында орналасқан акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеті Ақтөбе қаласы әкімдігінің қарамағына 4 қосымшаға сейкес берілсін;

3) жарғылық капиталдағы мемлекеттің қатысу үлесін иемдену, пайдалану және өкімдік ету құқығы Ақтөбе қаласы мен аудандар әкімдіктеріне 5 қосымшаға сәйкес берілсін;

3. Ақтөбе қаласы мен аудандар әкімдіктері заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

4. Ақтөбе қаласы мен аудандар әкімдіктері атынан қалалық және аудандық қаржы бөлімдері коммуналдық меншікті басқару жөніндегі уәкілетті орган болып анықталсын.

5. Қалалық және аудандық қаржы бөлімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қалалық және аудандық коммуналдық мемлекеттік меншіктің тізілімін жасау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын

және субъектілерді олардың мүліктерімен бірге 1,2,3,4,5 қосымшаларға сәйкес тізілімге қоса отырып енгізсін.

6. «Ақтөбе облыстық қаржы департаменті» ММ (С. Еңсегенұлы) коммуналдық мемлекеттік меншіктің мүлкін есепке алу және қорғау бойынша шараларды жүзеге асыру мақсатында қалалық және аудандық қаржы бөлімдерімен өзара іс – қимыл жасау жөніндегі қажетті шаралар қабылдасын.

7. Ақтөбе қаласы мен аудандар әкімдіктері осы қаулыны орындау бойынша қажетті шаралар қабылдасын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.А.Серікбаевқа жүктелсін.

**Облыс әкімі** **Е.Сағындықов**

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2007 жылғы «24» 07 № 256
қаулысымен БЕКІТІЛГЕН

**Алға ауданы бойынша субъектілерінің бөліністегі жиынтық тізімі**

| | | |
|---|---|---|
| | | **Алға ауданы бойынша ММ** |
| | | **АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТ** |
| 1 | 1 | «АЛҒА АУДАНЫ ӘКІМІ АППАРАТЫ» ММ |
| 2 | 2 | «АЛҒА ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГЫ ӘКІМІ АППАРАТЫ» ММ |
| 3 | 3 | «В.И. ПАЦАЕВ АТЫНДАҒЫ №2 АЛҒА ОРТА МЕКТЕБІ» ММ |
| 4 | 4 | «№4 АЛҒА ОРТА МЕКТЕБІ» ММ |
| 5 | 5 | «№3 АЛҒА ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» ММ |
| 6 | 6 | «№1 АЛҒА ОРТА МЕКТЕБІ» ММ |
| 7 | 7 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ АППАРАТЫ» ММ |
| 8 | 8 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ БӨЛІМІ» ММ |
| 9 | 9 | АЛҒА АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНА ЖҮЙЕСІ ММ |
| 10 | 10 | «АЛҒА МЕКТЕП-БАҚШАСЫ» ММ |
| 11 | 11 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ БӨЛІМІ» ММ |
| 12 | 12 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» ММ |
| 13 | 13 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОЖОЛ БӨЛІМІ» ММ |
| 14 | 14 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ» ММ |
| 15 | 15 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ БӨЛІМІ» ММ |
| 16 | 16 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» ММ |
| 17 | 17 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ |
| 18 | 18 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ АРХИТЕКТУРА ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БӨЛІМІ» ММ |
| 19 | 19 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» ММ |
| 20 | 20 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ» ММ |
| 21 | 21 | «АЛҒА АУДАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛІК БӨЛІМІ» ММ |
| 22 | 22 | «БЕСҚОСПА СЕЛОЛЫҚ ОКРУГЫ ӘКІМІ АППАРАТЫ» ММ |
| 23 | 23 | «М. ГОРЬКИЙ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП» ММ |
| 24 | 24 | «ҚЫЗЫЛ ТУ БАСТАУЫШ МЕКТЕБІ» ММ |
| 25 | 25 | «ТЕМІРЕЙ БАСТАУЫШ МЕКТЕБІ» ММ |
| 26 | 26 | «БЕСТАМАҚ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГЫ ӘКІМІ АППАРАТЫ» ММ |
| 27 | 27 | «БЕСТАМАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» ММ |
| 28 | 28 | «ПЕТРОВСКАЯ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ» ММ |
| 29 | 29 | «БЕСҚОСПА ОРТА МЕКТЕБІ» ММ |
| 30 | 30 | «ЧЕРНОВОДСК СЕЛОЛЫҚ ОКРУГЫ ӘКІМІ АППАРАТЫ» ММ |
| 31 | 31 | «ЧЕРНОВОДСК ОРТА МЕКТЕБІ» ММ |
| 32 | 32 | «ГОЛУБИНОВ ОРТА МЕКТЕБІ» ММ |
| 33 | 33 | «ИВАНОВ ОРТА МЕКТЕБІ» ММ |